

ЦИТАТА ДНЯ

Жанибек ТАЙЖАНОВ,
ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ
КОМИТЕТА ТРАНСПОРТА
МИИР РК:

« В НОВОМ ЗАКОННОПРОЕКТЕ ВВЕДENO ПОНЯТИЕ «ТРАНЗИТ ГРУЗА», КОТОРОЕ ПРЕДУСМАТРИВАЕТ ПЕРЕГРУЗКУ, ПЕРЕВАЛКУ И СМЕНУ ВИДА ТРАНСПОРТА В ПУТИ СЛЕДОВАНИЯ. ТЕПЕРЬ ПЕРЕВОЗЧИК ПОЛУЧИТ ПРАВО ПРОСМАТРИВАТЬ ТОВАРОСопроводительные ДОКУМЕНТЫ НА ГРУЗ. НОВЫЕ НОРМЫ НЕ ПОЗВОЛЯТ ГРУЗОопРРАВИТЕЛЯМ ИЗБЕЖАТЬ ОПЛАТЫ ТРАНЗИТНОГО ТАРИФА »

НОВОСТЬ

УКРЕПИЛИ ПОЗИЦИИ

По итогам минувшего года объем контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай через сервисы АО «ОТЛК ЕРА» превысил 333 тысячи ДФЭ, это почти на 20% больше, чем в 2018 году.

Совместное предприятие железных дорог Казахстана, России и Беларуси уверенно сохраняет лидерские позиции на рынке евразийских железнодорожных транзитных перевозок и продолжает устанавливать новые рекорды как по объёмным, так и по качественным показателям.

Так, доля ОТЛК ЕРА в общем объёме контейнерного транзита в 2019 году составила 87%. Существенно повысилась финансовая эффективность компании и значительно расширилась география сервисов в странах Евросоюза. Сегодня на направлениях ОТЛК ЕРА 11 новых европейских центров формирования транзитных контейнеропотоков.

Благодаря четкому взаимодействию АО «НК «Қазақстан темір жолы», ОАО «Российские железные дороги» и ГО «Белорусская железная дорога» в прошлом году удалось значительно повысить скорости движения транзитных контейнерных поездов. Увеличение скорости движения и работа с операторами подвижного состава позволили ОТЛК ЕРА дважды в течение года снизить тарифы и стать более конкурентоспособными, в том числе и по сравнению с морскими перевозчиками.

Любовь РОББА

ҚЫСТЫҢ КӨЗІ ҚЫРАУДА...



ҚАРЛЫ БОРАНДА ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ

Елорда үсті-үстіне төлеп жауған қар мен ұйытқыған бораннан қарға адым жер көрінбейтін ақтүтекке айналғалы бірнеше күн. Теміржолшылар үшін кезекті сынақтық емтихан. Ұлттық компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері төтенше жағдайға байланысты ерекше жұмыс тәртібіне көшті. Темір жолда тәулік бойына апаттық бригадалар кезекшілік етіп, күрделі ауа-райы жағдайына байланысты пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар қабылданды. Магистральдық желі дирекциясы негізгі күшті жол ашу, қар тазалауға төкті.

Ұлан ОРАЗ

Магистральдық желі дирекциясының мәліметінше, тек 22-23 қаңтардың өзінде ғана 8 мың км астам жол тазаланып, 34 мың куб метр қар шығарылған. Қар тазалау, қар жинау техникалары тәулік бойы жұмыс істеді, әсіресе олар қар көп жауатын Ақмола, Қостанай, Павлодар, Қарағанды, Семей, Ақтөбе темір жол бөлімшелеріне шоғырланған.

– Негізгі күш әрине, жол монтерлеріне түсіп отыр. Жігіттердің ерлікке пара-пар еңбегінің арқасында ауа-райының қолайсыздығына қарамастан барлық пойыздар кестеге сай жүрді, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жол және имараттар департаментінің бас менеджері Дуарен Қабас. Қармен күрес қарқынды жүргізіліп жатқан елорда іргесіндегі Қыркыңшы станциясындағы жолаушылар вагондарын сумен, көмірмен жабықтайтын, жөнелтуге дайындайтын жаңа техникалық паркке барып, жолшылар мен басқа да құрылымдық мекемелердің қызу жұмысына куә болдық. Жаңа вокзалдың салынуына байланысты ашылған жаңа паркте ақ түтек боранға қарамастан жолшылар рельс бойын арнайы техникамен де, күрекпен де тазалап жатыр екен.

– Артымызда, көріп тұрғандарындай, ПСС қар тазалау техникасы жұмыс істеп жатыр. Оның 3

вагоны бар. Әр вагонның сыйымдылығы 150 текше метр, бір шығарғанда 450 текше метр қар тасиды. Бір ауысымда 1500-2000 текше метр қар шығарады. Техникамыз да, адамдарымыз да мына төтенше жағдайға байланысты уақытпен санаспай күні-түні қармен күресуде. Басты міндет – пойыздарды тоқтатпай, қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету, – дейді Ірілендірілген Астана жол дистанциясы жол коллонасының бастығы Серік Жүсіпбеков. Ірілендірілген Астана жол дистанциясында осындай 4 техника болса, «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» станциясына 1 техника бекітілген екен. Бүгінгідей сын сағатта жұлдырқайт жұмыла қимылдап жатқан теміржолшылардың ерен еңбегі арқасында теміржол қозғалысы тоқтамай жүріп тұр. Өйткені, табиғаттың тосын мінезіне орай ұшақтар ұшпай, барлық бағытқа

автожолдар жабылып, автокөліктер қатынасы да тоқтаған бүгінгідей сын сағатта сынақтан сүрінбей өткен теміржолшылар ғана десек, артық айтпаймыз.

Еліміз бойынша жол және магистральдық желі бөлімшелері, станциялар, локомотив және вагон пайдалану деполарының жауапты қызметкерлері тәуліктік кезекшілікке шығып, теміржолшыларға қатты жел мен аяз кезінде еңбек қорғау және қауіпсіздік жөнінде жоспардан тыс нұсқаулықтар жүргізді. Жол бөлімшелерінің диспетчерлік және кезекшілер аппараттарына кез келген жағдайға сақдай-сай дайын отырып, пойыз машинистері мен жол шаруашылығы және басқа да аралас қызметтер төтенше жағдай туралы ақпарат түскен сәтте дер кезінде тиісті шаралар қабылдау керектігі тапсырылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

P.S.

23-26 қаңтар күндері қатты дауыл мен 28-30 м/секундына дейін ұйытқып соққан ақ түтек бұрқасын желдің салдарынан республиканың басым бөлігінде қырықтан астам автомобиль жолдары телімдері жабылып, әуе рейстері тоқтатылды, кешкітірілді және уақыты ауыстырылды. Төтенше ауа-райының қолайсыздығына қарамастан жұмысын тоқтатпаған көлік түрі – теміржол. Қар тәулік бойына үздіксіз тазалануда, станция жолдары мен перегондарды тазалауға 103 қар тазалау және жинау техникасы шығарылып, олар 188 рет қар тазалау жұмыстарын жүргізген. Қар тазалау техникаларымен 10921 км жол тазаланып, станциялардан 49 000 текше метр қар шығарылған.

АҚПАРАТ

КОНВЕНЦИЯЛЫҚ ТЫЙЫМ ҰЗАРТЫЛА МА?

Ағымдағы жылдың 20 ақпанына дейін басқа темір жол әкімшіліктерінің жалға алынған және ашық бос вагондарын қабылдауға бір ай мерзімге конвенциялық тыйым салынған болатын. Тыйым салуды ұзарту туралы мәселе келесі айдың ортасында қаралатын болды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ мамандары тасымалға өтінімдер өскен жағдайда және пайдалану жағдайы жақсарған жағдайда конвенция алынып тасталатынын айтады.

Қазіргі уақытта жабық вагондарға, платформаларға және астық тасушыларға арналған конвенцияның қолданылу кезеңінде жүк жөнелтушілердің және вагон иелерінің өтініші бойынша жүк тиеуге келісілген жоспарлар болған кезде белгіленген тәртіппен вагондарды қабылдауға рұқсат етілген. Алайда, қабылданған вагондар жүк тиеу станциясында 5 тәуліктен астам уақыт тұрып қалған жағдайда, осы жүк жөнелтушілерге бос вагондарды одан әрі жіберуге тыйым салу шаралары енгізілетін болады.

Еске сала кетсек, осы жылдың 5 қаңтарынан бастап Достастыққа қатысушы-мемлекеттердің теміржол көлігі жөніндегі кеңесі (ЦСЖТ) «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның өтініші бойынша ҚР меншік иелерінің паркінен басқа, өзге теміржол әкімшіліктерінің бос жалға алынған және меншікті вагондарын қабылдауға конвенциялық тыйым салуды жариялаған болатын. Мұндай шешімге елде қалыптасқан пайдалану жағдайы ықпал еткенді.

Қазақстан темір жолдары желісінің станциялық жолдарында жүк тиеуге сұраныс жоқ болғандықтан 5200 вагон жұмыссыз бос орын алып тұрған болатын. Конвенциялық тыйымды енгізу өз нәтижесін берді. Станция жолдарында сұранысқа ие емес жылжымалы құрам паркінің саны боран мен бұрқасынға ұласқан ауа-райының қолайсыз кездерінде азайған. Десе де, конвенциялық тыйым салуды ұзарту шешіміне ел теміржолы мүдделі екендігі байқалады.

Ислам ТАЛПАТ

ЦИФРА НОМЕРА

269

ВАГОНОВ ПРИОБРЕТЕНО АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» В ПЕРИОД 2016-2019 ГОДЫ

ГОД ВОЛОНТЕРА

«2020 БЛАГОРОДНЫХ ДЕЛ»: ДАН БОЛЬШОЙ СТАРТ

Минувшие выходные для жителей столицы прошли под знаком борьбы со снежной стихией, в плену которой оказались десятки тысяч горожан. Помощь нужна была и пациентам реабилитационного центра «Қасиетті жол». В рамках «2020 БЛАГОРОДНЫХ ДЕЛ ҚТЖ» молодые сотрудники компании дали старт челленджу по расчистке территории от выпавшего снега.

Коллективно освобождать от последствий метели – такая же добрая традиция для железнодорожников, как проведение форумов. В этот день молодежь компании потрудилась на славу. И не только потрудилась, но и зарядилась положительными эмоциями.

– В связи с такими вот погодными условиями замело все дороги. С раннего утра сотрудники АО «НК «ҚТЖ» буквально прочистили дорогу нашим пациентам. Ведь дети передвигаются в основном на колясках, и многим родителям приходится приводить детей к нам на руках, – поблагодарила директор Центра раннего вмешательства «Балапан» Дина Тажибаева.

Объединяться и помогать во время непогоды для железнодорожников – настоящая традиция. Отложив ручки и телефоны, молодые сотрудники компании пришли на борьбу со снежной стихией с лопатами в руках. В течение нескольких часов они расчистили тротуар, убрали сугробы на территории социальных объектов столицы.

– Этот год по поручению Президента страны Касым-Жомарта Токаева объявлен Годом волонтера. И АО «НК «ҚТЖ» ставит перед собой амбициозные цели:



в 2020 году сделать 2020 благородных дел. Молодежь компании решила начать с акции очистки снега на территориях социальных объектов – роддома, реабилитационного центра «Қасиетті жол». В этом году 24 детей железнодорожников пройдут курс лечения в данном центре, – сказала главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Байтабулова.

По мнению менеджера департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Ержана Жаналиева, снегоборьба, как и спорт, помогает сплю-

щить коллектив. – Мы решили все вместе выйти и поддержать челлендж. Поэтому на призыв помочь в очистке снега на территории центра раннего вмешательства «Балапан» откликнулись не задумываясь, – отметил Ержан Жаналиев.

Добрые дела по принципу эстафеты молодые ребята передали всем руководителям и сотрудникам филиалов и попросили их не оставаться в стороне и поддержать эту акцию.

Руслан РАХМЕТОВ
Фото Виктора ОРЛОВА

Челлендж молодежи компании в рамках программы «2020 БЛАГОРОДНЫХ ДЕЛ ҚТЖ» приняли волонтеры АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» и организовали уборку снега на придомовой территории одиноких ветеранов-железнодорожников.

Добрую инициативу поддержали сотрудники АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки», которые в минувшее воскресенье, невзирая на усиливающийся мороз, вооружились необходимым инвентарем и коллективно очистили от сугробов дворы троих пенсионеров, посвятивших свою жизнь работе на стальной магистрали, – Марин Молчановой, Каната Абельдинова и Почетного железнодорожника Петра Доля.

– Мы с коллективом всегда стараемся оказывать посильную помощь нашим ветеранам: зимой – убирая снег, летом – выходя на прополку травы, поэтому коллеги с большим энтузиазмом приняли эстафету от молодежи АО «НК «ҚТЖ», – поделился главный инженер Астанинского эксплуатационного вагонного депо Олжас Рыспаев. – Каждый из нас может найти время на то, чтобы вместе с коллективом единомышленников помочь людям, тем более, если это касается одиноких ветеранов дороги.

Работу железнодорожники выполнили качественно и оперативно, а пенсионеры в ответ не жалели слов благодарности.

– Спасибо молодым коллегам, что не забывают нас и оказывают такую поддержку. Зима выдалась очень снежной, проходить через двор за дровами мне приходилось, по колено утопая в снегу, сейчас на двор и тер-



риторию за ним любо-дорого посмотреть, – поделилась Мария Молчанова.

Она пришла на стальную магистраль 18-летней девочкой и осталась на всю жизнь. Прошла путь от весовщика и осмотра-автоматчика до оператора вагонов, и вот уже более 20 лет на этой должности трудится ее дочь Ирина.

После ударной очистки волонтеры АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» передали эстафету коллегам из Акмолинского и Костанайского отделений грузовых перевозок.

Любовь РОББА
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖАҢАЛЫҚТАР

ӨТПЕЛЕР МӘСЕЛЕСІ
ӨТКІР ТҰР

Шымкент жол дистанциясының қызмет көрсету аумағында 7 күзетпелі, 11 күзетпесіз өтпе бар. Былтырғы жылы ПЧ-53 бойынша өтпеден автокөліктердің өту барысында 13 жол ережесін бұзу оқиғасы орын алған. Оның бәрі тиісті орындарға жолданып, қажетті іс-шара қолданылған.

Дистанция бойынша өткен жылы теміржол өтпелерінде тіркелген бір ғана оқиғаны мысалға алсақ, Түлкібас-Шымкент учаскесіне қарасты Шымкент-Қызылсай өтпесінің 2876 пикетінде Арыс ТЧӨ-32-ге қарасты ВЛ80с-2408 электровозының машинисі 3301 шақырымдағы пикетте шұғыл тоқтауға мәжбүр болған.

Өтпе кезекшісі Ахматқұловтың ескертпесі мен жанып тұрған бағдарламға қарамастан мемлекеттік номердегі көліктің иесі ашық тұрған шлагбаумнан өте шықпақ болған. Салдарынан кезекші Ахматқұлов ПЧ-1627 нұсқаулығына сәйкес, пломбыда тұрған бөгеттік дабылдаманы қосуға мәжбүр болады. Нәтижесінде машинист пойызды шұғыл тежейді. Өрескел орын алған жол бұзу ережесі МАИ қызметіне жолданып, тиісті шара қабылданған.

– Алматы жол бөлімшесінде орын алған Шамалған оқиғасы сияқты қақтығысты болдырмау мақсатында біз түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейттік, бүкіл автокөлік жүргізушілеріне жадынамалар таратылды. 2020 жылы осы өтпелердегі пойыздардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында бөгеттік құрылғылар (УЗП) мен резиналық төсемдерге тапсырыс берілді. 4 өтпеге автоматты шлагбаум орнатуға тапсырма берілді. Олар: Шымкент қаласында орналасқан 3301 шақырымдағы Сайрам өтпесі мен Бакалейторг өтпесі, Бадам станциясындағы 3255 шақырым мен 3265 шақырымда орналасқан күзетпелер. Бұлар 2020 жылғы жобаға кіреді, – дейді ПЧ-53 жетекші инженері Ақтолық Жанолова.

Сонымен қатар, ескерту хат жолдағанымен кейбір жағдайларда олардың өрескел қылықтарын айғақтайтын дәлел болмағандықтан жазасыз кететін жағдайлар көп екен.

– Соңғы бірнеше жылдан бері қала әкімшілігіне, өзміздің ҚТЖ басшылығына барлық өтпеге бейнебақылау қою керектігін айтумен келеміз. Бейнебақылау орнатылған жағдайда өтпеге заң бұзу оқиғалары азаяр еді. Себебі, өтпелерде кезекшілерге пышақ, тапанша көрсетіп қорқытқан кететін оқиғалар бар. Біздің бөлімде тек Машат пен Ақсудағы көпірде ғана екі бейнекамера бар, – дейді жетекші инженер.

Бұдан бөлек, жетекші инженердің айтуынша, өткен жылы бүкіл күзетпелі өтпелерге комиссиялық түрде тексеру жүргізіліп, әкімшілік, Полиция департаменті, МАИ, көліктік бақылау комиссиясы жол дистанциясына қарасты 94-ші және 3301-ші өтпенің орнына көпір салу керектігін анықтап, астанаға хат жолдаған. Комиссия мүшелері аталған екі өтпеден автокөліктердің ағыны өте көп екендігіне көз жеткізген. Қысқасы, аймақта өтпелер мәселесі өткір тұр.

Жаная СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

ОАЗИСТЕГІ ОҢ
ӨЗГЕРІСТЕР

Маңғыстау темір жолының Қарақалпақстанмен шектесетін тұсында орналасқан Оазис станциясы – көп жыл өзбекстан теміржолының қарамағында болып, Қазақстанға берілген ғана өткен бекет.

Шекарадағы ең соңғы нүкте болғандықтан түбек теміржолы үшін маңызы зор. Себебі, осы бекетте жолаушылар пойыздары аялдап, толықтай кедендік, шекаралық қызметтердің тексеруінен өтеді. Ал жүк пойыздары көрші мемлекеттің Қарақалпақстан атты станциясында аялдап, қабылдап алынады. Жолаушылар пойыздарының қатарында Душанбе-Мәскеу, Худжанд-Мәскеу, Ташкент-Саратов, Бейнеу-Мискин бағытындағы жылжымалы құрамдар бар. Олардың бәрін көршілес елдің темір жол әкімшілігі шығарып отыр. Ал Қазақстан тарапынан Бейнеу-Мискин пойызына Маңғыстау-Қоңырат және Қоңырат-Ақтөбе бағытында қосымша вагондар тіркеледі.

Бесінші класты Оазис бекетінің бастығы Амангелді Салиевтің айтуынша, кешеге дейін басты мәселе ғимараттың жөндеу күткен шатыры болатын. Сол мәселе өткен күзде шешімін тауыпты. ЭЦ қосыны ғимаратының төбесінен көптен бері су ағып, жұмысшылардың мазасы кеткен еді. Мұны Маңғыстау ЖТ бөлімшесі басшылығы кезекті комиссиялық тексеру барысында байқаған. Соның салдарынан ғимаратта орналасқан құрылғыларға, атап айтқанда, реле, статив, көрмепультіне су өтіп, ақаулар туғызуға мақсатында олардың үстіне су өткізбейтін целлофан пленкасы жабылған екен. Жаңбырлы күндері бұл ғимарат іші үлкен шалшыққа айналады, ал қабырғасы мен төбесі шашырап түсіп, көгеріп кететін болған.

Филиал директоры Нәжімеден Ғұбашовтың шешімімен толық жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Станция бастығы Амангелді Салиев, белгі беру және байланыс дистанциясының аға электрмеханигі Нұрсұлтан Әбдіқалықов, электрмен жабдықтау дистанциясының тейім бастығы Айтқали Аманов және жол дистанциясының бас инженері Асқар Мұқановтың басшылығымен бекет теміржолшылары жұмыла әрекет етіп, төбе шатырын жөндеуден өткізіп, ғимараттың ішкі бөлмелеріне косметикалық жөндеу жұмыстары да жүргізіліпті.


Бекетте 4 кезекші еңбек етеді. Пульт табло арқылы жол қозғалысын басқарып отырған олар тәулігіне бекеттен 7-8 пойызды өткізеді екен. Оазистен 23 км жерде орналасқан Ақжігіт станциясын да басқаратын Амангелді Салиевтің станцияда байланыс жүйелері де жаңартылып жатқанын айтады. «Транстелеком» мекемесінің мамандары керекті жабдықтау әкеліп қойған. Таяуда жаңарту жұмыстары жүргізілсе, Оазистен кез келген жаққа тікелей байланысқа шығу мүмкіндігі туады, сонымен қатар ұлттық компанияның railways.kz өзара ішкі желілік жүйесі де осында іске қосылады.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ
Суретті түсірген автор

ЦИФРЛЫ ТЕМІРЖОЛ

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ КЕРЕМЕТІ

Нұр-Сұлтан станциясының ұжымы өткен жылды өндірістік жарақат алушылыққа жол бермей қорытындылады. Бұл нәтижеге жету еңбек жағдайын жақсарту бойынша көшенді шаралар жүргізудің арқасында мүмкін болды деп санайды басшылық.



Ұлан ОРАЗ

Станциялықтар жуырда өткен жылға қорытынды жасап, жаңа 2020 жылға жоспар құрды. Ол жоспарда негізінен станция қызметкерлерінің білімін көтеруге басты назар аударылып отыр. Бұл ретте НТК, яғни нормативтік техникалық құжаттама (НТК) мен нормативтік құқықтық акт (НҚА) талаптарын түсіндіре отырып бейнефильмдер жасау және техникалық сабақтар өткізу жоспарда тұр. Өйткені, ішкі зерттеу жұмыстары НТК мен НҚА талаптарын 10-20 минуттық бейнероликтер арқылы түсіндіру жұмысшылар үшін тиімді екенін көрсеткен.

Жұмыстағы басым бағыттардың бірі – техникалық сабақтар өткізу сапасын арттыру, станция қызметкерлерін сол үдеріске тарту. Соған байланысты 2019 жылы станцияда ұжымның өз күшімен «НТД 27/7» бағдарламасы жасалды. Соның арқасында станцияның барлық жұмысшылары өздерінің гаджеттері арқылы кез келген жерден тәуліктің 24

« 2019 ЖЫЛЫ СТАНЦИЯДА ҰЖЫМНЫҢ ӨЗ КҮШІМЕН «НТД 27/7» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАСАЛДЫ. СОНЫҢ АРҚАСЫНДА СТАНЦИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ӨЗДЕРІНІҢ ГАДЖЕТТЕРІ АРҚЫЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ЖЕРДЕН ТӘУЛІКТІҢ 24 САҒАТЫНДА НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАҒА КІРУГЕ МҮМКІНДІК АЛДЫ.

сағатында нормативтік-техникалық құжаттамаға кіруге мүмкіндік алды. Енді жұмыстан бөлек үйдегі қолайлы жағдайда да өз бетімен білім алу мүмкін

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ХАНТАУДА ДА ҚАЙЫРЛЫ ІСТЕР БАР

Жамбыл облысы аумағының төрттен бір бөлігін алып жатқан Мойынқұм ауданында Хантау деген станция бар. Сонау елуінші жылдары іргесі қаланған Хантау станциясы екі мыңға жуық тұрғыны бар ауылды асырап отыр десек болғандай.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Хантау станциясының бастығы Халим Есетай әңгімесін өткен тарихтан бастады. «Бір замандарда аты да, заты да дүркіреген Хантау еді. Азаттығымыздың алғашқы жылдары тұралап қалғанымыздың несің жасырайын, менің бұлай сөйлеуімнің жөні де бар. Өйткені, бұл станцияға 1983 жылдан бері басшылық етіп келемін. Осы саланың отымен кіріп, күлімен шығып жүргеніме қырық бес жылдың жүзі болды», – деген Халим Сәрсембекұлы 1995 жылы Хантаудан ашылған цемент зауыты станцияның тамырына қан жүгірткенін айтады. Яғни, аталған зауытпен бірге станцияның да жұмысы қайта жанданған. Ауыл тұрғындары «екі қолға бір күрек» тауып, ақжарылқап күн туған. Зауытқа келетін шикізатты қабылдап алады, зауыттан шыққан дайын өнімді еліміздің әр түрліріне теміржолмен жөнелтетін болған.

«Уақыт деген өзгермелі ғой, әрнәрсенің шарықтау шегі мен дәурені бітетін кез болады. Екі жарым жыл



бұрын әлгі цемент зауыты жұмысын тоқтатты. Теміржолдан нәпақасын айырып жүрген жүзден астам адамның көңілдері түсіп қалғандай еді. Көп ұзамай іргемізде асфальт зауыты ашылып, ісіміз қайтадан жалғасты», – дейді Халим Есетай.

Төртінші класты Хантау станциясында жұмыс істейтін төрт кезекші, төрт пойыз құрастырушы, үш жүк қабылдап алушы, бір тауар кассирі бар, өзге де теміржолшылар асфальт зауытына келетін цемент, мазут, минералды ұнтақтар, шағыл тастар сын-

ды өнімдердің әрқайсынан ай сайын 20-25 вагон қабылдап алып, тиісті нысанға жеткізеді. Ол вагондардың әрқайсысы 70-80 тоннаны құрайды. Ал зауыттан өндірілген цемент былтырдан бері жүзеге асып жатқан іргелі жоба – Меркі-Бұрылбайтал тасжолына пайдаланылуда екен.

Халим Сәрсембекұлы қысқы маусымда зауыт жұмысының аз-маз саябырсып қалғанын, бірақ көктем шыға қайта жанданатынына сенім білдірді. Ал қазіргі таңда мұндағылар қар тазалау жұмыстарымен, станцияның ішкі



шаруаларымен айналысуда. Мойынты-Шу теміржолымен ары-бері өтетін пойыздарды қарсы алып, шығарып салып, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отыр.

Жалпы, станцияда еңбек ететіндердің дені – бүкіл еңбек жолын осы салаға арнаған жергілікті теміржолшылар. Жастардың тәлімгері Амандық Есентаев – солардың бірі. «Хантауды анау заманнан асырап келе жатқан осы болат жол ғой. Өркесізде де ісіміздің оңынан туып, ілкімді шаруалардың атқарылуына мүдделіміз. Кейінгі жылдары саладағы жаңалықтар, жаңа техникалар, жастардың көптеп бет бұра бастауы саланың болашағы зор екенінен хабар беріп бізді қуантады», – дейді байырғы теміржолшы. Мойынқұмның түкпіріндегі Хантау станциясының бүгінгі тыныс-тіршілігі, міне, осындай!

Суреттерді түсірген автор

ПЕРРОНДАР ЖАҢАРТЫЛАДЫ



«Кластан тыс» станция дәрежесі бар Мақат станциясы тоғыз жолдың торабы саналады. Мұнда республикалық және халықаралық дәрежедегі 14 жұп пойыз өтеді.

Қосыйм МУҚАШЕВ,
Атырау

Соның ішінде «Куляб-Мәскеу», «Ташкент-Волгоград», «Душанбе-Мәскеу», «Ташкент-Үргеніш-Саратов», «Худжанд-Мәскеу» транзиттік пойыздары,

«Атырау-Құлсары» жұмысшы пойызы, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты Талғо вагондарынан құралған «Атырау-Алматы», «Атырау-Астана-Нұрлы жол», «Атырау-Алматы-1», «Атырау-Астрахань», «Атырау-Маңғыстау», «Атырау-Ақтөбе» пойыздары бар.

Жолаушыларға қызмет көрсететін 50 орындық Мақат вокзалы 1966 жылы салынған, бірақ 2014 жылы жөндеуден өтіп, қазіргі келіп жаман емес.

Әйтсе де, станция тұрғындары мен жолаушылар перронның қолайсыздығы туралы жергілікті атқару органдарына және темір жол басшыларына көптен айтып келеді. Пойызға мініп-түсу қолайсыз, өте төмен. Вокзал аймағы да жазда құмшан, қыста балшық-сор болып жатады. Сол себепті облыс әкімдігімен вокзал маңын қайта жаңғырттып, жаңа перрон салу үшін жобалау-сметалық

құжаттамасы жасақталып, мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысын алған. Сондай-ақ, Доссор вокзалының перроны да талапқа сай емес. Соған сәйкес, жергілікті бюджет есебінен перрон құрылысына Мақат вокзалына 519 млн теңгеге, ал Доссор станциясына 127 млн теңге бөлініп, жүзеге асырылмақ. Бұл туралы Мақат ауданы әкімінің жылдық есебінде айтылды.

Жалпы, Атырау магистральдық желі бөлімшесінің қарамағында 16 темір жол вокзалы мен 37 жолаушылар платформасы бар. Олардың бәрі билет кассаларымен және басқа да міндетті қызмет көрсету түрлерімен қамтамасыз етілген. Солардың ішінде тозығы жеткен Сағыз және Құлсары вокзалдары болатын. Өткен жылы Сағыз темір жол вокзалы ғимараты, оның құрылыс ауданы мен жолаушыларға қызмет көрсету сапасы техникалық тексеруден өтіп, нәтижесінде жаңа вокзал тұрғызу үшін жобалық-сметалық құжаттарын жасақтауға жіберілді. Ал 2018 жылдың сәуір айында жеке кәсіпкер С.Балжігітовтың бастамасымен көлемі 714 шаршы метр болатын Құлсары жаңа темір жол вокзалы құрылысы басталды. Сонымен қатар, 2022 жылға дейін бөлімше бойынша Ганюшкино, Аққыстау, Доссор, Мақат вокзалдары жөндеуден өтеді деп күтілуде.

Суретті түсірген автор

ИНТЕРВЬЮ

ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Мангистауская область – уникальный регион Казахстана. Сегодня железнодорожная сфера региона развивается из года в год. Она стала связующей ветвью в торгово-экономической отрасли. О работе и перспективах рассказал первый заместитель директора филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Мангистауское отделение ГП» Ерлан Бурхутов.

– Расскажите, с чем связан большой интерес компании к Мангистаускому региону, за счет каких факторов ваше отделение получило бурное развитие?

– Сегодня протяженность железнодорожных путей в регионе составляет порядка 1340 километров, а количество работающих достигло 2185 человек. Мы взаимодействуем и организуем движение поездов по шести внешним (Каракалпакстан, Болашак, Актау и Курык – порты) и внутренним (Кульсары, Тассай) стыкам. Особой гордостью стали наши логистические возможности. В число знаковых индустриально-инновационных объектов можно отнести Актауский морской торговый порт, Актауский морской северный терминал, порт Курык, морской порт Баутино, международный аэропорт Актау, Международные автомобильные трассы Актау – Бейнеу, Бейнеу – гостраница с Узбекистаном, железнодорожный переход Болашак, межгосударственный стыковой пункт Каракалпакия, железнодорожный участок Жезказган – Бейнеу, железнодорожный участок Боржакты – Ерсай – Курык. Не зря наш регион по праву стал называться западной транспортно-логистической столицей.

– На прошлой неделе в филиале подведены итоги 2019 года. Расскажите про них?

– В 2019 году филиал перевыполнил такие планы, как производитель-



поездов, которое перевыполнено в границах филиала на 110,9%. Количество контейнерных поездов увеличилось в 2,8 раза. Кроме того, в отделении накоплен положительный опыт по организации пропуска сверхгабаритных грузов степени Н-0888. Так, было пропущено 30 поездов по маршруту Ерсай – Кульсары, организованы пропуск грузовых поездов с сельскохозяйственной техникой, логистическое продвижение с дальнейшим отправлением за рубеж через паромный комплекс Курык девяти электропоездов нового поколения серии AZ8A отечественного производства, здесь же была поднята скорость движения подвижного состава по станционным путям. Курсирование пригородных поездов Узень – Болашак и Бейнеу – Тассай обеспечено по оптимальному графику с минимальными простоями локомотивов в пунктах оборота. Изменена схема тягового обслуживания пассажирского поезда №377/378 сообщением Алматы – Мангистау. Были своевременно выявлены и отстранены от эксплуатации 20 вагонов с неисправностями, угрожающими безопасности движения поездов, из которых 12 – трещина боковой рамы, 8 – разрушение буксового узла. Многие удалось сделать за счет усилий трудового коллектива и принятым мерам.

– Какие задачи ставит филиал сегодня?

– В наступившем году планируем продолжить работу по выполнению планов ключевых показателей, обеспечить охрану труда и безопасность движения поездов, а также по дальнейшему улучшению технического состояния объектов магистральной инфраструктуры, как и прежде, будем взаимодействовать по обмену поездов и вагонов через морские порты Актау, Курык, зерновые терминалы Акбидай, Северный и Каспий-Глобал и так далее. Кроме того, будет продолжена работа по освоению объемов химических и строительных грузов со станций Актау-порт, Шетте, Бейнеу, Узень и другое. В рамках исполнения Программы «Цифровая трансформация» планируем продолжить работу по бумажной технологии оформления перевозочных документов в АСУ ДКР, по обработке маршрутов машиниста в АСУ ЭДТ.

Цельность задач зависит от перспектив. Планов много, но их выполнение во многом зависит от простых людей, того же путейца, вагонника, машиниста, сигналиста, дежурного по станции и других. Сегодня человек труда выходит на первый план. От его отношения к работе зависит стабильность на производстве.

– Какие задачи ставит филиал сегодня?

– В наступившем году планируем продолжить работу по выполнению планов ключевых показателей, обеспечить охрану труда и безопасность движения поездов, а также по дальнейшему улучшению технического состояния объектов магистральной инфраструктуры, как и прежде, будем взаимодействовать по обмену поездов и вагонов через морские порты Актау, Курык, зерновые терминалы Акбидай, Северный и Каспий-Глобал и так далее. Кроме того, будет продолжена работа по освоению объемов химических и строительных грузов со станций Актау-порт, Шетте, Бейнеу, Узень и другое. В рамках исполнения Программы «Цифровая трансформация» планируем продолжить работу по бумажной технологии оформления перевозочных документов в АСУ ДКР, по обработке маршрутов машиниста в АСУ ЭДТ.

Цельность задач зависит от перспектив. Планов много, но их выполнение во многом зависит от простых людей, того же путейца, вагонника, машиниста, сигналиста, дежурного по станции и других. Сегодня человек труда выходит на первый план. От его отношения к работе зависит стабильность на производстве.

*Беседовала Райхан РАХМЕТОВА
Фото автора*

БЕЗОПАСНОСТЬ



ОБЪЕКТИВНОСТЬ КОНТРОЛЯ

Задачи обеспечения безаварийности, профилактика и контроль над состоянием технических средств, соблюдением технологии, выполнение нормативов является основным в работе ревизорского аппарата.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

За ушедший год ревизорским аппаратом увеличилось число внезапных ночных и целевых проверок, направленных на выявление и устранение случаев нарушения безопасности движения. По

Алматинскому отделению грузовых перевозок за истекший год зафиксировано 15 случаев нарушения безопасности движения против 16 в 2018-м. В сравнении с аналогичным периодом снижено количество событий на 2 случая, инцидентов – 10 против 9. По хозяйству магистральной сети 10 нарушений безопасности движения против 12 в 2018

году, 9 инцидентов. В филиале АО «ВЖД» допущен один случай нарушения безопасности движения.

